

Әскерге дейінгі жастардың дене қасиеттерін тәрбиелеу жөніндегі ғылыми-педагогикалық әдебиетті талдау жастардың дене дайындығын дамытуда маңызды білімдік, сауықтырушы және тәрбиелік функцияларды атқаратындығын, қимыл-қозғалыс іс-әрекетінің жетілуіне ықпал ететіндігін, дене қасиеттерінің даярлығын жақсартатындығын, функционалдық көрсеткіштерді арттыратындығын, әскерге дейінгі жастардың маңызды тұлғалық-қоғамдық, моральдық-ерік қасиеттерін қалыптастыратындығын куәландырады. Дәл сол кезде оқу-әдістеме әдебиетінде жоғары сынып оқушыларының дене дайындықтарын дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлінетіндігі анықталды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы қаулысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1037 қаулысы.

2. Адамбеков К.Т. "Оқушылардың дене тәрбиелеудің педагогикалық негізі" п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, -1995, 38 бет.

3. Антропов М.В. Оқушылардың күн тәртібіндегі жұмыс қабілеттері мен денсаулық жағдайлары. Педагогика, М., 1974, 135 б.

Омаров О.С., Иманбетов А.Н., Кайырбеков Е.Д., Біраяқ Ж.Б.
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҚ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС- ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектептегі педагогикалық іс-тәжірибе мамандарын дайындаудың ең негізгі бөлігі болып табылады. Іс-тәжірибе оқу барысында алынған білімдерінен, іскерліктер және өзіндік сапалары көрсетіледі. Мемлекеттік білім беру стандартында біліміне және іскерлігіне мынадай талаптар белгіленген:

- оқу-тәрбиелік іс-әрекетін жоспарлау;
- мақсат, міндеттерді қалыптастыру, оқушылармен әскери-патриоттық, спорттық көпшілік іс шараларды мерекелер және дене тәрбиесінен сауықтыру шараларын ұйымдастырып өткізу;
- кәсіптік іс-әрекеті барысында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу;
- ұжым және жаттығушылардың жеке ерекшеліктерін меңгеру және алынған ақпаратты психологиялық- педагогикалық ғылыми жетістігі тұрғысынан сабақты өткізуде қолдану;
- өзіндік педагогикалық іс-әрекетті қалыптастыру, өзіндік талдау жасай білу

Педагогикалық іс-тәжірибе аралығында мектептегі жұмысты БӘЖДД білім беру бағдарламасының студенттері оқушылармен тәрбие жұмысын жасау кезінде іс-тәжірибе өтушілерде белгілі бір қиындықтар туындайды, әсіресе сабақ уақытында сыныпта белгілі бір тәртіпті сақтауда, белгіленген талаптарды орындауда, оқушылардың оқу үдерісі бағдарламасының ұйымдастыру сілтемесінде көрсетілгендей студенттер бұл ерекшеліктерді іс-тәжірибеге дейін бастапқы әскери дайындық әдістемесін үйрену кезінде білуі керек. Білім алушылар практикадан өтуге қойылатын талаптармен таныса алады, ұжымдық шарттар тізімінен практикадан өту базасын таңдай алады.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін университет тұрғылықты жері бойынша тәжірибе базасын таңдауды ұсынады. Бітіруші курстың білім алушылары кейіннен жұмысқа орналаса отырып, практика базасын өз бетінше таңдай алады. Бітіруші курста білім алушыларға болашақта жұмысқа орналасатын жері бойынша педагогикалық практикадан өту мүмкіндігі беріледі. Білім беру ұйымдары университетке тыңдаушыларды аудандық, ауылдық мектептерге жіберу туралы өтініш жасайды (тұрғылықты жері жоқ). Өндірістік

тәжірибеден өту үшін ұйымды/кәсіпорынды таңдау үшін бітіруші курс студенттері мансап бөлімі өткізетін кездесу-презентацияларға қатысуға шақырылады

Тәжірибе базаларының олардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі мәселесіне бірінші кезекте мән беріледі. Кафедра Қарағанды қ. "№16 ЖББМ" КММ, №66 МЛ, Қарағанды қ. "№86 ЖББМ", Қарағанды қ. "№39 гимназия", "№15 ЖББМ" сияқты ұйымдармен қолданыстағы шарттарды бекітті. Қарағанды қ. "№77 ЖББМ", "Дарын" орта мектебі, Қарағанды қ. "№27 ЖББМ. Ұйымдармен келісім-шарт жасасу кезінде түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыру мәселесі қарастырылады.

Білім алушылардың практика бойынша есептерді қорғауын өткізу кезінде олардың тиімділігі мен практиканың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі талқыланып қана қоймай, кемшіліктерді жою шаралары да талқыланады. Педагогикалық (өндірістік) тәжірибеден өткен бакалавриат бағдарламасының білім алушылары қолданылатын технологиялар мен оқыту әдістерін түсінетіндігін көрсетулері керек. Өндірістік тәжірибе барысында алынған практикалық дағдылар 6В01402- Бастапқы әскери және дене дайындық мамандығының түлегіне оларды әрі қарайғы кәсіби қызметінде қолдануға мүмкіндік береді.

ББ білім алушылары 1 курста Қарағанды қаласының білім беру мекемелерінде оқу (таныстыру) тәжірибесінен өтеді. Бұл тәжірибе теориялық оқытуды 6В01402 – "Бастапқы әскери және дене дайындық" ББ бойынша практикалық жұмыс дағдыларын қалыптастырумен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Оқу (таныстыру) тәжірибесінде келесі негізгі міндеттер қойылады:

- мұғалімнің кәсіби қызметінің ғылыми және практикалық негіздерімен танысу;
- Қарағанды қаласының білім беру мекемелеріне, БЖСМ-не экскурсияларды ұйымдастыру және өткізу арқылы болашақ кәсіби қызмет объектілерімен танысу;
- мектептің базасымен, оқу-жаттығу сабақтарын өткізу кестесімен, мектептегі бастауыш әскери дайындық және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі жұмысының негізгі бағыттарымен және түрлерімен танысу;
- мұғалімнің мектеп құжаттарын жүргізуімен танысу;
- кәсіби еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктерін ескере отырып, болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функциялары мен міндеттерін, заманауи мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды зерделеу.

Оқу (таныстыру) практикасы алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығына деген оң мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ 1-курста оқу практикасы (әскери лагерь жиыны) ұйымдастырылады, оның негізгі мақсаты теориялық және әдістемелік білімдерін бекіту, қажетті дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру, студенттердің жалпы мамандыққа дайындығы болып табылады.

Бұл тәжірибеде саптық, атыс және тактикалық дайындық тапсырмалары шешіледі.

Саптық даярлық әскери тәрбие берудің аса маңызды пәндерінің бірі болып табылады. Ол саптық жарғы негізінде ұйымдастырылады және өткізіледі. Саптық даярлық бастапқы әскери даярлықтың құрамдас бөлігі бола отырып, оқу-тәрбие процесінің барлық аспектілеріне ықпал етеді. Студенттердің саптық дайындығы тактикалық, атыс, дене шынықтыру сабақтарында және басқа сабақтарда, сап түзеу, қимыл-қозғалыс және күнделікті өмірде жетілдіріледі.

Саптық даярлықтың міндеті мыналар болып табылады: тыңдаушыларда саптық қалыптарды жетілдіру; саптық тәсілдерді жылдам және нақты орындай білу; оларды ұқыптылыққа, ептілікке және төзімділікке баулу; тәртіптілік. Сонымен қатар, студенттердің саптық дайындығы бастапқы әскери дайындықты ұйымдастырушы-оқытушы мен бөлімше командирін (запастағы офицер ретінде) даярлауға негізделуі тиіс.

2-курста ББ білім алушылары үшін педагогикалық (психологиялық-педагогикалық) практика өткізіледі, ол психология, педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі кафедраларына бекітіледі.

Психологиялық-педагогикалық практикадан өту қорытындысы бойынша оқыту нәтижелері болып табылады:

- психологиялық бақылау құрылымының негізгі ерекшеліктерін, педагогтың педагогикалық үдеріс субъектілерімен өзара әрекеттесу тәсілдерін білу;
- ұжымды және жекелеген білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеуді жүргізе білу;
- дидактикалық, психологиялық аспектілерде оқу-тәрбие үдерісін талдау және жоспарлау;
- сынып жетекшісінің, тәрбиешінің, тәлімгердің көмекшісі ретінде балалар ұжымында тәрбие жұмысын жобалау, ұйымдастыру және жүзеге асыру, оның нәтижелерін бағалау, оның рефлексиясын жүзеге асыру;
- білім алушы тұлғасының және ұжымның психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастыру.

3 курста білім алушылар педагогикалық (оқу-тәрбие тәжірибесінен) өтеді.

Тәжірибе жалпы орта білім беретін мектептерде өтеді. Ол қоғамдық, психологиялық-педагогикалық және арнайы пәндерді оқу барысында алынған теориялық білімдер мен тәжірибе арасындағы байланысты орнатуға бағытталған; пән бойынша оқу, сыныптан тыс, тәрбие жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу бойынша олардың практикалық дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру; орта білім берудің жанартылған мазмұнының талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарында тиісті құжаттаманы рәсімдеу, қашықтықтан оқыту форматында сабақтар өткізу қабілетін қалыптастыру.

Педагогикалық (оқу-тәрбие) практикадан өту қорытындысы бойынша оқыту нәтижелері болып табылады:

- білім беру ұйымында пән бойынша жанартылған білім беру мазмұны аясында оқу, сыныптан тыс, тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктерін түсіну;
- педагог қызметінің жаңғыртылуы: педагогикалық практика жағдайында сабақта білім алушылардың өзіндік, сараланған, жеке жұмысын ұйымдастыру бойынша; білім алушылардың күтілетін оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша;
- жанартылған білім беру мазмұны аясында пән мұғалімі қызметін жүзеге асыру;
- оқу-тәрбие үдерісіне педагогика, психология және жеке әдістемелер бойынша интегративті атактарды енгізу;
- заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдалана отырып, дидактикалық материалдарды құрастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істей білу; өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби және тұлғалық өзін-өзі дамыту бағдарламаларын түзету.

Кафедра Бастапқы әскери және дене дайындығы бойынша білім алушыларға және ЖЖОКБҰ-ның әдістемелік жетекшілеріне құжаттама жүргізу ережелері бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірледі.

- 4 курста педагогикалық (өндірістік) практика ұйымдастырылады.

-Педагогикалық (өндірістік) практиканың мақсаты болашақ оқытушы-ұйымдастырушылардың кәсіби ұстанымдарын нақты қызмет жағдайында сынақтан өткізу болып табылады: оқу-тәрбие процесі мен білім беру ортасын жобалау, жүзеге асыру және бағалау саласындағы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру; білім беру ұйымдарында оқытушылық іс-әрекеттің практикалық дағдылары мен дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласындағы құзыреттіліктерді, сондай-ақ дербес кәсіби қызмет тәжірибесін қалыптастыру.

-Педагогикалық (өндірістік) практиканың негізгі міндеттері:

- мектепте жоспарлау құжаттарын зерделеу;
- есеп беру құжаттамасын жүргізу және ТЖӘНЕҚ бойынша сабақтарды өткізу жоспарларын құрастыру;
- оқу орнындағы ТЖӘН бойынша оқу-материалдық базамен егжей-тегжейлі танысу;
- ұйымдастырушы-оқытушысына оқу-материалдық базасын жетілдіруге жүйелі түрде көмек көрсету.
- мектеп жоспары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- мектепте әскери-патриоттық тәрбие беруді жоспарлау және оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу мәселелерін егжей-тегжейлі зерделеу;
 - заманауи оқыту стратегиялары (сыни тұрғыдан ойлау, функционалдық сауаттылық, критериалды бағалау) мен оқытудағы инновациялық тәсілдерді қолдану. электрондық, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып;
 - білім берудегі менеджер қызметін жүзеге асыру (педагогикалық қызметтің нәтижелерін жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және ынталандыру, бақылау және бағалау);
 - оқытудың стратегиясы мен жоспарын әзірлеу, оқытудың заманауи технологияларын таңдау және пайдалану, оқу материалын жүйелі түрде ұсынуды қамтамасыз ету, сабақтардың ұтымды құрылымы мен мазмұнын құру;
 - білім беру платформасында электронды сынып журналымен, білім алушылардың/тәрбиеленушілердің күнделіктерімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын меңгеру;
 - бөлім бойынша жиынтық бағалауды (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды (ТЖБ) өткізу әдістемесін меңгеру, цифрлық білім беру ресурстарын (СБР) пайдалану, сабақ/сабақ конспектілерін дайындау.
- Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және жазу үшін білім беру бағдарламасында диплом алдындағы практика қарастырылған. Ол оқытудың соңғы кезеңі болып табылады және білім алушы теориялық және практикалық оқыту бағдарламасын меңгергеннен кейін жүргізіледі.
- Жалпы іс-тәжірибе жұмыстары болашақ мамандардың білікті маман болып университет қабырғасынан шығуына өз септігін тигізеді. Сондықтан біз бұл мәселені сырт айналып кете алмадық. Ендігі мақсат осы жолда көптеген жұмыстар жүргізіп шәкірттеріміздің білікті маман болуына өз септігімізді тигізіп, жоғары білім саласында алдыңғы қатарлы оқу бағдарламалар қатарына енуді міндет етіп қоюдамыз.

Әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2.Рамашов Н.Р., Қожамжаров Е.Ж., Бодеев М.Т. «Алғашқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі». Оқу-әдістемелік құралы. -Алматы, 2012.- 150б.
- 3.Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 27.12. 2019 ж.
- 4.А.Б Тасбулатов., Д.К.Майхиев., Е.Ж.Акимбаев., О.Ж.Мамырбаев Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу құралы Алматы мектеп 2019ж.

п.ғ.м.,аға оқытушы Кулейменов А.Ж.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,Қарағанды қ.

Жумадилов А.Т. – студент (БӘжәнеДД 23-1к)

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,Қарағанды қ.

АӘжәнеТД пәнінің мұғалімі Есентаев Н.Т.

Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі,Қарағанды қ

АӘжәнеТД пәнінің мұғалімі Акыжанов А.Ш.

Сәкен Сейфуллин атындағы гимназия,Қарағанды қ.

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ - ЕЛДІКТІҢ БЕРІК ҚАЛҚАНЫ

1991 жылғы 16 - желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік - тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз үш жылдан астам уақыт